

қатарында аталады. Осындай кезеңде Елбасы баспасөз қызметі жұмысының, оның қызметкерлері біліктілігінің маңызы ерекше екені түсінікті.

Жалпы, бүгінгідей ақпараттар тасқыны заманында мемлекеттік мекемелер ғана емес, көптеген қоғамдық және шетелдік ұйымдар, тіпті кәсіпорындар да өз баспасөз қызметін қалыптастырып, оның қызметіне арқа сүйеуге мәжбүр болып отырғаны - өмір шындығы. Бұл жұртшылық пен ақпарат құралдарына жаңалықты бастапқы жеткізушілер - баспасөз қызметінің кәсіби мамандарын, баспасөз хатшыларын арнайы даярлау жұмысын қолға алудың қажеттігі туралы ойға жетелейді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Schor, J. B. (2004). *Born to Buy: The Commercialized Child and the New Consumer Culture*. New York: Scribner.
2. Hradiská, E., & Letovancová, E. (1998). *Psychológia v marketingovej komunikácii*. Bratislava: UK
3. Алешина И. Паблик рилейшнз для менеджеров и маркетеров. - М.: ГНОМ-ПРЕСС, 1997.
4. Блэк С. Паблик рилейшнз - что это такое? М.: Новости, 1990.
5. Kitchen, P.J. (1999). *Marketing Communications: Principles and Practice*. Thomson: Cengage Learning EMEA
6. Векслер А. История Public Relations: Попытка хронологии // Советник. 1998. № 9-10; 1999. № 1-2.

УДК 070.11

### **ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЗАМАНЫНДАҒЫ ЖУРНАЛИСТИКА**

**Байғабыл Томирис Еркінқызы**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

2 курс студенті,

Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Алғалиева Г.С.

**Аңдатпа:** Жасанды интеллект біздің әлемді өзгерте бастады және қазірдің өзінде кеңінен қолданылады. Көптеген адамдар Жасанды Интеллектті күнделікті өмірде қолдануға үлкен қызығушылық танытты, өйткені ол тапсырмаларды орындауды жеңілдетеді және жылдамырақ етеді. Осылайша, оның пайдалылығы мен қолжетімділігі белгілі болғаннан кейін адамдар оны жиі пайдалана бастады. Дегенмен, ЖИ пайдалану және оның танымалдылығы кері әсер етуі мүмкін. Бұл мақала ЖИ мен журналистика арасындағы көп қырлы қарым-қатынасты талқылауға, оның фотографиялық шығармашылықтың белгілі бір қырларын алмастыру әлеуетін, эмпатия тапшылығын тудыратын ЖИ-нің этикалық салдарын қарастыруға бағытталған. ЖИ журналистикаға белгілі бір проблемаларды тудырады, бірақ оны құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін және тиімді.

**Кілт сөздер:** Жасанды интеллект, журналистика, қолжетімділік, эмпатия, этика, құрал.

**Аннотация:** Искусственный интеллект начал менять наш мир и уже широко используется. Многие люди проявляют большой интерес к использованию искусственного интеллекта в своей повседневной жизни, поскольку это делает задачи проще и быстрее в

выполнении. Таким образом, как только его полезность и доступность стали известны, люди начали использовать его более часто. Однако есть несколько способов, как использование искусственного интеллекта и его популярность могут оказать негативное воздействие. Эта статья нацелена на обсуждение многоаспектного взаимоотношения между искусственным интеллектом и журналистикой, рассматривая его потенциал заменить определенные аспекты создания фотографий, этические последствия недостаточности эмпатии у искусственного интеллекта и другие. Искусственный интеллект представляет определенные проблемы для журналистики, но может быть использован в качестве инструмента и, следовательно, быть выгодным.

**Ключевые слова:** Искусственный интеллект, журналистика, доступность, эмпатия, этика, инструмент.

**Abstract:** AI has started to change our world and is already becoming widely used. Many people have shown a big interest in using AI in their everyday life as it makes tasks easier and faster to complete. Thus, once its usefulness and accessibility has been known, people started using it more frequently. However, there are some ways how the use of AI and its popularity could have a negative effect. This article aims to discuss the multifaceted relationship between AI and journalism, examining its potential to replace certain facets of photographic creation, the ethical implications of empathy deficient AI. AI poses certain problems to journalism but can be used as a tool and thus be advantageous.

**Keywords:** Artificial intelligence, journalism, accessibility, empathy, ethic, tool.

Соңғы онжылдықта жасанды интеллект айтарлықтай жетілдірілді және біз оны ChatGPT, Midjourney, Dall-E, Stable Deffusion және т.б. сайттардың дамуы арқылы байқаймыз [6]. Жасанды интеллекттің қоғамға әсерін зерттеуші ғалым Кнаубтің айтуы бойынша жасанды интеллекттің қолынан көптеген суреттер, мәтіндер, музыка және т.б. келеді. Сонымен қатар ол кез келген санаға байланысты ғаламтордағы барлық ақпараттарды жинақтап сараптау арқылы өзінше талдау жасап беруге мүмкіндігі бар, бірақ оның нәтижесі ешқашан түпнұсқа туынды бола алмайды. Ол белгілі бір жұмыстарды құрастыратын математикалық заңдылықтарды сақтайды [6]. Дегенмен, кемшілігі – кейбір адамдар ЖИ дәуіріндегі машиналық жұмыс тірі адамды толығымен ығыстырып тастай алады деп санайды [6]. Rocha және т.б. зерттеулер күн өткен сайын технологиялармен орындалмайтын жұмыс түрлерінің азайып бара жатқанын көрсетті [7]. Болашақта кейбір адамдар жұмыссыз қалуы мүмкін және жаппай жұмыссыздықтың пайызы артуы мүмкін. Жаңа технологиялардың арқасында өнер саласы үлкен тәуекелге ұшырайды. Ғаламторда жалған суреттер мен жаңалықтар тарату жеңілдеп бара жатқаны журналистика саласындағы кәсіби біліктілікті бұзуда.

ЖИ жалғасып жатқан соғыстар және басқа да маңызды оқиғалар туралы жалған жаңалықтарда қолданылуы ықтимал. Кейбір тұста ол ақпаратты бұрмалауға жол береді. Сондықтан ол дайындаған ақпаратты тексеріп отыруы керек. Бұл БАҚ пен журналистиканың шынайы ақпарат беру жөніндегі принциптеріне сәйкес келмейді. Мысалға Палестина мен Израиль арасындағы текетірес кезінде жарияланған мына жалған фото суреттер соған дәлел. Менің пікірімше кез келген журналист сапалы материал дайындаймын десе әр ақпаратты жіті тексеріп саралауы керек, сонда ЖИ ұсынған кейбір жалған ақпараттарды жариялауға тосқауыл қойылады. Варшава университетінің журналистика факультетінің профессоры Wojciech Sternak тұжырымдауынша әр адам Үңгір аллегориясы (ежелгі дәуірдегі адамдардың үңгірден шықпай өмір сүруі) туралы түсінігінде қалып қоймай әр қашан ақпаратты заманауи әдіс тәсілдермен ізденіп саралауға мән беріп отыруы қажет. Ғалым Райттың “The Photography Handbook” кітабінде “Жасанды интеллект арқылы түсірілген фотоны өңдеу барысында түп нұсқадан басқаша етіп өзгертудің түрлі технологиялық тәсілдері бар” делінген [8]. Бұдан жасайтын

қорытындымыз ЖИ кез-келген ақпаратпен фотоның негізгі мағынасын жіті тексермесе басқаша өзгертіп жіберетінің бағамдауға болады.




Figure 1 (Eisele, 2023 [5])



Figure 2 (BEMphoto, 2023[1])

Жасанды интеллект, жеткен деңгейіне қарамастан, әлі де жасанды. Брендтің пікірінше, когнитивтік есептеулер теориялық тұрғыдан адамның эмоцияларын жеткізуге мүмкіндік бермейді [2]. Жасанды интеллект эмпатияға ие емес және сезімдермен әрекеттесе алмайды. ЖИ шынайы өнер туындысын жасау тәсілі сияқты эмоцияларға негізделген нәрсені жасай алмайды немесе тұжырымдай алмайды. Бұл сандық қиял, шындық емес. Есте сақтау керек тағы бір маңызды нәрсе - біз сезімдерді өнер арқылы білдіреміз, ал ЖИ олай жасай алмайды. Осыны ескере отырып, біз адамдар сезім арқылы жасай алатын жобаларды ЖИ істей алмайтының түсінуіміз керк. Ол ешқашан фотографтың, продюсердің, сценаристтің, интервьюердің немесе режиссердің бірегей көзқарасын бере алмайды, бірақ кәсіби маманмен бірлесіп, ЖИ күрделі және шығармашылық жобаларды әзірлеуде жақсы көмекші бола алады. Бұл жасанды интеллект қолданудың кілті. Ол жұмыстың негізіне айналмай, жақсы көмекші құрал болуы керек. Мына төмендегі фотоларда ЖИ өңдеу мүмкіндіктерінің мол екендігін көруге болады.




Figure 3 (Damen, 2023 [4])




Figure 4 (Damen, 2023 [4])

Қазақстандағы техникалық прогрес өте жоғары қарқынмен жүріп жатыр. Сондықтан адамдар техникалық прогресті қабылдап, қажет болған жағдайда түзетуге мәжбүр. Қазақстандық график-дизайнер Руслан Есентаев мұны түсініп, өзінің шығармашылық өнері үшін жасанды интеллект қолдануда. Ол жасанды арт-генераторды қолдану арқылы өнердегі ЖИ-мен тәжірибелер жүргізді және қазақтың танымал дәстүрлі әдеби кейіпкерлері «Аяз ата мен Ақшақардың» иллюстрацияларын жасады.

Бұл туралы ол сұхбатында былай дейді: «Мен өзімнің мансабымда әрқашан өз дағдыларым мен қабілеттерімді кеңейтуге мүдделі болдым: фотосурет, каллиграфия және хат жазу. Мен 3D графикасы бойынша дағдыларымды дамыттым және музыканы шығаруға арналған бағдарламалық құралды үйрендім. Мен жасанды интеллект қолданбаларының қалай жұмыс істейтінін және олар беретін мүмкіндіктерді білуге кірістім». [3]. Бұл ЖИ-тің шығармашылықты қалай дамытатынын, әдебиеттегі көптеген мәдени және дәстүрлі туындыларды өмірге енгізуге көмектесетінінің мысалы. Осылайша, ЖИ өз дағдыларын дамытуға және өз талантын, шығармашылығын, өзіндік көзқарасын көрсетуге дайын кәсіпқойдың қолында жақсы көмекші құрал бола алады.



Figure 5 (Bulatkulova, 2023) [3]



Figure 6 (Bulatkulova, 2023) [3]

Қорытындылай келе, жасанды интеллект пен журналистика арасындағы симбиотикалық қарым-қатынас мүмкіндіктер мен түйіткілдердің динамикалық көрінісін ұсынады. ЖИ журналистиканың белгілі аспектілерін арттыруда керемет әлеуетті көрсетіп қана қоймай, әртүрлі жанрлардағы эмпатиялық және көп қырлы шығармашылық мүмкіндіктерді толыққанды жеткізе алмайтыны айқын. Сондықтан жасанды интеллектіні журналистикада ақпараттарды жинақтау, талдау және фото видеоларды дыбыстарды өңдеу өнімдердің визуалды сапасын арттыруға көмекші құрал ретінде тиімді пайдалануға болады, бірақ ол адам бойында бар ерекше қасиет эмоциялық сезімдері жеткізе алмайтының түсінуіміз қажет.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. BEMphoto. (2023). Bomb explosion in an Arab city, attach by a neighboring country on the territory, eastern war – image created by AI. Adobe Stock. <https://stock.adobe.com/pl/images/bomb-explosion-in-palestine-israeli-attack-on-gaza-eastern-war-ai-generated-image/668155111>
2. Brand, A. (2022). Will AI kill the art and business of photography? Medium. <https://medium.com/mlearning-ai/the-future-of-photography-in-the-age-of-ai-356889f2f63a>
3. Bulatkulova, S. (2023). Kazakh Designer Conducts Experiments with AI in Arts. The Astana Times. <https://astanatimes.com/2023/01/kazakh-designer-conducts-experiments-with-ai-in-arts/>
4. Damen, A. (2023). How AI is transforming the way we edit and enhance photos. PhotoRoom. <https://www.photoroom.com/blog/ai-in-photo-editing>
5. Eisele, I. (2023). Fact check: AI fakes in Israel's war against Hamas. <https://www.dw.com/en/fact-check-ai-fakes-in-israels-war-against-hamas/a-67367744>
6. Knaub, K. (2023). Art vs artificial intelligence: how authors can survive in the Midjourney era. Forbes. <https://www.forbes.ru/mneniya/498360-iskusstvo-vs-iskusstvennyj-intellekt-kak-avtoram-vyzit-v-epohu-midjourney>
7. Rocha, A., Adeli, H., Reis, L.P., Constanzo, S. (2019). “New Knowledge in Information Systems and Technologies”. Springer.
8. Wright, T. (2003). The Photography Handbook. Taylor & Francis e-library.

ӘОЖ 070.1

#### ДЕРЕКТЕР ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ӨРКЕНДЕУІ

**Боранбаева Аруза Ерболқызы**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің